

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
Б.БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИСЯ

Әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі кафедрасы

ДӘРІС

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, кадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу мен жолын кесу бойынша ІО-ның жұмысын ұйымдастыру.

Кафедра мәжілісінде талқыланды
және мақұлданды. №___ хаттама. 20__ж «__»__

ҚАРАҒАНДЫ

ЖОСПАР:

Кіріспе

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу және ескерту бойынша полицияның функциялары және міндеттері.

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу және ескерту бойынша кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдердің жұмысын ұйымдастыру.

Қорытынды

Кіріспе

Қазақстандық қоғамның қазіргі жағдайы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің күрделі кешенімен сипатталады, оларды шешу қажеттілігін мемлекеттік билік тарапынан жоғары тиімді және нақты саясатты жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта кәмелетке толмағандардың арасында қылмыстылықпен күресуді күшейту бойынша құқық қорғау, мемлекеттік және қоғамдық құрылыстардың бірлескен жұмысының маңызы артып келеді. Бұл кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтар мен қылмыстар көлемінің өсуімен, балалар мен жас өспірімдерді маскүнемдікке және есірткіні тұтынуға тартумен негізделеді.

Жаңа ұрпақты қалыптастыру, оның рухын, имандылығын және мәдениетін тәрбиелеу, мемлекеттік-құқықтық саясаттың мақсаты болу керек, бұл тенденция қазіргі қоғам мен мемлекетте енді пайда болды, бірақ оның мақсаттары іске асырылмаған. Соңғы уақытта кәмелетке толмағандардың арасында құқыққа қарсы әрекеттердің динамикасы үзіліссіз арттыруда.

Қазақстандық қоғамның экономикалық бағыттарының дамуына бас орынды бере отырып, мемлекеттік масштабта жүргізіліп жатқан өзгерістер, мемлекеттік-құқықтық институттарын идеологиялық қамтамасыз ету сұрақтары соңғы орында қалып отыр. Жастардың рухани және имандылық даму сұрақтары көңілсіз қалып отыр. Соның нәтижесінде пайда болған вакуум бұқаралық ақпараттар құралдарының көмегімен қазақстандық қоғамға бөтен идеологиясымен толтырыла бастады, адамның шын құндылықтары әділдік, жақсылық және жамандық, үлкендерге сыйластықпен қарау туралы бұзылған ойды тудырады.

Балалар мен жас өспірімдердің әлеуметтік бейімдеу мәселесінің қиындалуымен сипатталатын мемлекеттің қазіргі даму шарттары, олармен жасалатын құқық бұзушылықтардың санын өсуге әкеп соқты. Кәмелетке толмағандардың панасыз қалуын және құқық бұзушылықтарын алдын алу институттарының жүйесі қажетті профилактиканы қамтамасыз етпейді.

Құқықтық тәртіп жағдайының ең дағдарыс құбылыстары ереже сияқты әкімшілік-аумақтық деңгейлерінде көрініс табады. Кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуымен және құқық бұзушылықтарымен күресу бойынша ІІО-ның тәжірибелік қызметімен танысу кейбір қорытындыларды істеуге мүмкіндік береді. Балалар мен жас өспірімдердің девианттық мінез-құлықтың дамуы мен қалыптасу шарттары, құқыққа қарсы әрекеттерді жасау себептері, оларды ескерту нысандары мен әдістері туралы, осы бағыттағы мемлекеттік басқару органдарының және ІІО-ның қызметін жетілдіру және кәмелетке толмағандардың заңды мінез-құлығын қалыптастыру бойынша жаңа міндеттерді қойып оларды шешу туралы.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы қадағалаусыз қалуы және құқық бұзушылық мәселелері жаңа емес. Жүргізілген зерттеу кәмелетке толмағандармен жасалатын құқық бұзушылықтарды алдын алу мен жолын

кесу саласында ПО-ның қызметін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстарды тұжырымдауға, біздің қоғамымыздың қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму кезеңінің қажеттіліктеріне сәйкес осы қызметпен басқаруға жаңа нысандарын еңгізуге мүмкіндіктерді береді.

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу және ескерту бойынша полицияның функциялары және міндеттері.

Кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыздық, панасыздық, құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясат құқықтық саясаттың бөлігі болып табылады және кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыздық, қараусыздық, құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесін құрайтын, органдар мен мекемелерді материалдық-техникалық, қаржылық, ғылыми-әдістемелік, кадрлық қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар үшін құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерді құруды қамтиды.

Кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыздық, панасыздық, құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясат келесі принциптермен жүзеге асырылады:

- заңдылық;
- кәмелетке толмағандарға адамгершілікпен қарау;
- отбасыны қолдау;
- кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыздық, панасыздық, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын қолданудың кешенділігі;
- қиын өмірлік жағдайға ұшыраған, әр кәмелетке толмағанға жеке жақындау;
- құпиялылық;
- ғылыми негізділігі;
- жүйелілігі [1].

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығы қоғам мен мемлекеттің ерекше қамқорлығын тудыратын мәселелер қатарына жатады. Кәмелетке толмағандар жалпы жасалған қылмыстық әрекеттердің жалпы санынан 20% қылмысты жасайды және олардың саны артуда. Кәмелетке толмағандардың үшінші бөлігі қылмысты мас күйінде жасайды. Кәмелетке толмаған сотталғандардың үштен бір бөлігі қылмысты қайта жасайды.

Соңғы уақытта кәмелетке толмаған жасөспірімдердің үрейлі тенденциялары барынша айқын көрінуде: ол айқын көрінген агрессиялық және пайдақорлық сипатқа ие болуда; оның «жасалуы» жалғасуда (енді қылмыстың үштен бірі 15 жасқа дейінгі жасөспірімдермен жасалады). Жасалған зерттеулер анықтағандай, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың барынша айқын ерекшелігі, тұтастай алғанда оның барынша ұйымдасқан, топтық сипаты болып табылатындығы анықталды.

Кәмелетке толмағандар көбіне әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасайды. Маскүнемдік, ішкіштік, нашақорлық, уытқұмарлық, жезөкшелік – бұл қолайсыз құбылыстар, өкінішке орай кәмелетке толмағандар арасында кеңінен тараған. [2]

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың басты шарты көбіне қадағалаусыздық болып табылады, яғни отбасы, сонымен қатар мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар тарапынан кәмелетке толмағандар

тәртібін және тұлғасын реттеу үшін бақылау және қадағалаудың болмауы немесе айтарлықтай бәсеңдеуі. Жыл сайын, отбасындағы шарттар үшін қайырымдылықты қажет ететін ондаған балалар анықталады; ПО қадағалаусыздық және құқық бұзушылығы үшін жүз мыңдаған жасөспірімдер жеткізіледі.

Кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыздық, панасыздық, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстың негізгі мазмұны әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру, тәрбиелеу сипатындағы сан алуан іс-шаралар кешені болып табылады, бұлардың ішінде құқықтық, атап айтқанда әкімшілік-құқықтық шаралар қосалқы болса да, қажет рольді атқарады.

Кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыздық, панасыздық, құқық бұзушылықпен құқықтық күресті жүзеге асыратын органдармен қатар, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау бойынша комиссия негізгі орынға ие.

Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау бойынша комиссия туралы ережеге сәйкес олардың негізгі қызметтері келесілер болып табылады:

- кәмелетке толмағандарға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды іске асыруға әрекеттесу;

- кәмелетке толмағандардың қоғамға қайшы әрекеттері мен қадағалаусыздық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша, сондай ақ кәмелетке толмағандардың заңды мүдделері мен құқықтарының орын алған бұзылу фактілері туралы мүдделі ведомстволарды тұрақты хабардар ету;

- өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін жағдайда, сонымен қатар кәмелетке толмағандардың қалыпты тәнін және адамгершілік дамуына теріс ықпал ететін немесе оларға қатал қарайтын жағдайда қалған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту және анықтау бойынша жұмысты ұйымдастырады;

- кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналары немесе басқа да заңды өкілдерінің, кәмелетке толмағандардың заңды мүдделері мен құқықтарының шектелуі немесе бұзылу жағдайларымен байланысты өтініштері мен шағымдарын қарастыру;

- кәмелетке толмағандардың заңды мүдделерін және құқықтарын қорғау үшін сотқа белгіленген тәртіпте шағымдану;

- қылмыстық жауапкершілік және т.б. жасына жеткенге дейінгі жаста кәмелетке толмағандармен жасалған, қылмыс белгілерін құрайтын қауіпті әрекеттерді қарастыру

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығымен тікелей күрестің негізгі ауырлығы ішкі істер органына жүктеледі. ҚР 23.04.14ж. «ҚР ПО туралы» Заңына сәйкес оның негізгі мақсаттарының бірі: «кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығы мен құқық бұзушылығының алдын алу және анықтау» болып табылады[3]. Ол оның барлық құрылымдық бөлімшелерімен орындалады.

Криминалдық полиция қызметі, ЖІІІ өткізу жолымен кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығына, жасөспірімдердің қылмыстық

топтарының қызметіне тыйым салады және ескертеді, кәмелетке толмағандардың қылмысын ұйымдастырушыларды және айдап салушыларды, оларды маскүнемдік, нашақорлық, уйтқұмарлық, жезөкшелік, құмар ойындарға, қаңғырушылыққа қатыстыратын тұлғаларды анықтайды және әшкерелейді, арнайы оқыту-тәрбиелеу мекемелерінен өз бетімен кеткен кәмелетке толмағандарға іздеуді жүзеге асырады. Жол-патрульдік полициясы қызметі ЖҚЕ бұзылуы, балалар жол-көліктік жарақаттануын, соның ішінде «рокер» және т.б. ескерту бойынша әр түрлі алдын алу іс-шараларын жүзеге асырады. Қоғамдық қауіпсіздік полициясының бөлімшелері, яғни жол-патрульдік полиция қызметін әзірлеуде кәмелетке толмағанның құқық бұзушылығы және қылмыскерлік құрылымы, орны және уақыты, тұлғаларына, қоғамға қайшы бағыттағы жасөспірімдер тобының жиналу орны ескеріледі; кәмелетке толмағандар тарапынан топтық қылмыстық орын алулар, вандализм актілері, алкогольге қарсы заңнаманың бұзылуы және басқа да көше құқық бұзушылықтары ескертіледі және тыйым салынады; КТІБ бөліміне жеткізіледі, ал ол жоқ жерде адасқан балалардың ҚАЛПО, балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық орындардағы ережелерді сақтауын бақылайды. Учаскелік полиция қызметкерлері балалар тәрбиесіне теріс ықпал ететін, ата-аналармен жеке алдын алу жұмыстарын жүзеге асырады.

Аталған, сондай-ақ полицияның басқа да қызметтері үшін кәмелетке толмағандармен күрес, маңызды бірақ, жалғыз ғана шарасы болып табылмайды. Сонымен қатар, полиция құрамында тек осы міндетті ғана шешумен айналысатын – кәмелетке толмағандар ісі бойынша топтар және бөлімдер бар.

КТІЖБ құқықтық негізін «Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы», «Балалар панасыздығы және қадағалаусыздығын ескерту және құқық бұзушылықтың алдын алу туралы», «Тұрмыстық озбырлықтың алдын алу туралы», «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» заңдары және Қазақстан Республикасындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерімен анықталады.

КТІЖБ құрылымдық жағынан әкімшілік полиция құрамына енеді.

КТІЖБ негізгі міндеттері болып табылады:

- 1) кәмелетке толмағандардың заңды мүдделерін және құқықтары, бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету;
- 2) кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыздық, панасыздық, құқық бұзушылықтың алдын алу;
- 3) қиын өмірлік жағдайларда қалған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту;
- 4) кәмелетке толмағандардың заңға бағынушылық мінез-құлқын қалыптастыру;
- 5) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылыққа тарту фактілерін анықтау және жолын кесу, болдырмау.[4]

КТІЖБ келесі қызметтерді жүзеге асырады.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының жалпы алдын алу. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының жеке алдын алу.

Кәмелетке толмағандар қоғамдық тәртіпті топтық бұзу жағдайларында полицияның басқа қызметтерімен бірлескен іс-шараларды әзірлейді, орын алған жағдайды ескере отырып, патруль және күзет дислокациясын өзгерту, оларды би кештері, клуб және басқа да жастардың шоғырлану орындарына ауыстыру туралы ұсыныстар жасайды. КТІЖБ қоғамдастығымен және басқа да қызмет қызметкерлерімен жасөспірім-құқық бұзушылардың жиналу орындарында рейдтер өткізу мен ұйымдастыруға, КТУ және мектептердің бітіру кештерін өткізу уақытындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шараларға қатысады. Жеке тінту, барлау сауалнамасы, жұртшылық көмегі сияқты әдістерді қолдануда КТІЖБ кәмелетке толмағандармен жасалған қылмысты ашу ісіне өз үлестерін қосады.

Заңнамаға сәйкес КТІЖБ келесі санаттағы кәмелетке толмағандар санатын тіркеуге алады және анықтайды:

- бас бостандығынан айыру орындарынан босағандар;
 - бас бостандығынан айырумен байланысты емес шартты немесе жазалау шараларымен жазаланғандар, сонымен қатар бас бостандығынан айыру туралы үкімді орындау кейінге шегеріліп, сотталғандар;
 - қамауда болу түріндегі жаза шарасын өтегендер;
 - қылмыстық жауапкершілік жасына жеткенге дейін қоғамға қауіпті әрекеттер жасаған, амнистия туралы акт салдарынан немесе заңмен қарастырылған жағдайларда қоғамдық ықпал ету шарасын қолдануға байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатылған, бірақ қылмыс жасаған;
 - қылмыстық жауапкершілік және жазасын оңалтпайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылғандар, соның ішінде амнистия немесе рақымшылық негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылғандар;
 - алдын ала тергеу кезеңінде қамауға алынбаған және қылмыс жасауда айыпталғандар;
 - жабық түрдегі арнайы оқыту-тәрбиелеу мекемелерінен келгендер;
 - қылмыстық жауапкершілік жасына жеткенге дейін қылмыс белгілерін құрайтын қоғамға қауіпті әрекет жасағандар;
- Спирттік ішімдіктерді жүйелі қолданатын немесе нашақорлық және басқа да күшті әсер ететін заттарды медициналық емес қолдануға жол бергендер (яғни жыл бойында екі және одан да көп рет);
- 16 жасқа дейін отбасынан өз бетімен бірнеше рет кеткендер, сондай ақ міндетті жалпы білім алудан қасақана бас тартқандар;
 - жезөкшелікпен айналысатындар;
 - жыл бойы екі немесе одан да көп рет әкімшілік құқық бұзушылық жасағандар.

Кәмелетке толмағандармен жұмыста әдетте, алдын алу әсері бар ұйымдастыру құралдары қолданылады, олар кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға тұрғылықты мекен-жайы, оқу, жұмыс орнына бару, құқықтық тақырыпқа сұхбаттар жүргізу.

Сонымен қатар ішкі істер органдары КТІЖ бөлім атынан көбіне жеке немесе кәмелетке толмаған құқық бұзушылықпен күрестің құқықтық құралдарының басқа органдармен қолданылуын қамтамасыз етеді.

Оларға келесілер жатады:

- ПО кәмелетке толмағандарды, олардың ата-аналарын, сонымен қатар басқа да тұлғаларды жұмыстан тыс және сабақтан тыс уақытта кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығы және құқық бұзушылығымен байланысты жағдайларды анықтау үшін шақыру;

- ПО құзыретіне жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар құрайды, құқық бұзушыларды ПО ғимаратына 3 сағаттан артық емес уақытқа жеткізеді; көлік құралдарын, заттарды тексеру және жеке тінту, құжаттарды және заттарды алу, көлік құралын басқарудан шектету және оның алкогольдік , нашақорлық, уытқұмарлық мас күйі жағдайына куәландыру; алып келу, әкімшілік ұстау (ҚР әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы Кодексінің 785 б.).

Жеткізілген кәмелетке толмаған құқық бұзушы ісін қарауды КТІЖБ қызметкері жүргізеді, ол жоқ кезде – жедел кезекші. Кәмелетке толмағанды ұстау туралы міндетті түрде ата-анасы немесе оны алмастыратын тұлғалар хабардар етіледі. Алкогольдік, нашақорлық, токсикаманиялық мас күйі жағдайында болған кәмелетке толмағандар медициналық куәландырудан кейін ҚАЛАПО кезекші бөліміне оны алмастырушыларды белгілеу, оқиға себептерін анықтау, құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау және оларды тапсыру үшін жеткізіледі:

- ата-анасы немесе оны алмастыратын тұлғаларға;

- осы кәмелетке толмағандардың тәрбиесі, күтіміне жауап беретін балалар үйі, мектеп-интернат және басқа да балалар мекемелері әкімшілігінің өкілдеріне;

- егер жасөспірім алкогольдік , нашақорлық, токсикаманиялықтың ауры деңгейінде мас күйі жағдайынданемесе дене жарақаттары болса денсаулық сақтау органдары мекемелерінің өкілдеріне;

- медициналық айықтырғыш қызметкерлеріне, егер 16, 17 жастағы, мастық күйдегікәмелетке толмағанның тұлғасы немесе оның тұрғылықты мекен-жайы белгіленбесе немесе жасөспірімді ата-анасына, оларды алмастырушыға, балалар үйі, мектеп-интернат және басқа да балалар мекемелері әкімшілігінің өкілдеріне беру мүмкіндігі жоқ болса.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға ҚР әкімшілік құқық бұзушылығы туралы Кодексінің 69 б. сәйкес келесі тәрбиелік ықпал ету шаралары қолданыла алады:

1) заңды түсіндіру;

2) ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;

3) келтірілген зиянның есесін толтыру міндетін жүктеу;

4) кәмелетке толмаған адамдарды бос уақытын шектеу және мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу. [5]

ҚР әкімшілік құқық бұзушылығы туралы Кодексінің 65 б. 2т. сәйкес кәмелетке толмағандар жалпы негіздер бойынша жауапкершілікке тартылады. Бұнда оларға әкімшілік қамауға алу қолданыла алмайды (ҚР әкімшілік құқық бұзушылығы туралы Кодексінің 50 б. 2 т. сәйкес).

Сөйтіп, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын болдырмау және алдын алу бойынша ПО алдында тұрған міндеттерді шешудегі негізгі жұмыс ПД, ПД кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдеріне жүктеледі, олардың қызметінің тиімділігі басқа мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен бірлескен күштердің үйлесімділігінде.

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу және ескерту бойынша кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдердің жұмысын ұйымдастыру.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын ескерту бойынша ішкі істер органының қызметінде әр түрлі нысандар қолданылады: ерте және тікелей алдын алу, болдырмау және тыйым салу.

Арнайы әдебиетте ерте және тікелей ескертуге шек қою әрекеттері қабылданды. Алайда ғылыми әдебиетте кәмелетке толмағандардың қандай санатына ерте және тікелей алдын алуды өткізудің нақты нұсқаулары жоқ.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөлімі (КТИЖБ) көбіне ерте алдын алуды жүзеге асырады. Біздің ойымызша, ерте алдын алу объектілеріне, ішкі істер органдарында оларға қатысты тіркеу-алдын алу карточкаларына жүргізілген кәмелетке толмағандарды жатқызған жөн. Бұл - жасөспірімдер: а) қоғамдық және әкімшілік ықпал ету шараларына тартылатын құқық бұзушылықтарды жасағандар; б) спирттік ішімдіктер қолданатындар; в) жүйелі түрде отбасынан немесе арнайы оқу-тәрбиелеу мекемелерінен кететіндер (16 жасқа дейін); г) жұмыс пен оқудан қасақана бас тартқандар; д) жүйелі түрде құмар ойындармен айналысатындар, сонымен қатар қоғамға қайшы өмір салтын жүргізетіндер.

Ерте алдын алуды тіркеуге қойылған жасөспірім тұлғасын зерттеуден, оның өзгерісіне ықпал ететін себептерді ашудан, тұлғаның оң қырларын анықтаудан басталады және тек барлық жағдайларды ескеріп, тәрбие жұмысын түзеу және жеке ескертуді ұйымдастыру басталады. Жұмыс үрдісінде әр түрлі әдістер қолданылады, оларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады: а) жасөспірімдер мүдделері және қажеттіліктерін түзеу; б) құқық бұзушылардың тәртібі мен оқуын бақылау.

Ерте алдын алуға кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекетке тартатын ересектерді анықтауды қамтамасыз ететін іс-шараларды жатқызуға болады. Егер жасөспірім құқық бұзушылықты жасап үлгермесе де, ересектердің бұндай әрекеттерінің қаупі айқын, немесе онда қылмыстық әрекетке айналысуға психологиялық дайындығы қалыптасады. Егер жасөспірімді жезөкшелік пен қайыршылыққа тарту соңғы жылдары сирек кездесе, керісінше ішкілік пен нашақорлық заттарды қолдануға бейімділігі кең тараған сипатқа ие. Кәмелетке толмағандар ісі бөлімдерінің қызметкерлері кәмелетке толмағандарды алкогольдік заттарды қолдануға кім үйреткендігін, ол үшін орын ұсынып, олармен бірге ішуге қатысқандарды анықтауға міндетті. Құмар ойындарға тарту, жезөкшелік және нашақорлық істері бойынша ойын құралдарын алу көздері, есірткі, порнографиялық заттар кімдер арқылы сатып алынғандығы, бұзықтық ордаларына кімдер орын дайындағандығын анықтау талап етіледі. Белгіленген фактілерді уақытылы анықтау кәмелетке толмаған тұлғаның әрі қарай деформациясына тыйым салуға, оның қоғамға қайшы ортамен байланысын бұзуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта жасөспірімдерді базар және көше саудасына тарту

жағдайлары кездеседі, бұлар өз кезегінде тұлғаның адамегрішілік қалыптасуына ықпал етеді. Бұл балалардың көбісі оқиды, бірақ сабақтан тыс уақытта спортпен немесе басқа дай пайдалы ермектермен айналысудың орнына, олар ересектердің мәжбүрлеуі бойынша шелпек, көк шөп және шекілдеуік сатумен айналысады.

Ерте алдын алу тәрбиелеу іс-шаралар кешенін өткізуді қарастырады; кәмелетке толмағандар өмірін олардың қалыпты дамуына қауіп төнгенде өмір шарттарын жақсарту; кәмелетке толмағандарға теріс ықпал ететін жағдайларға тыйым салу және жою; оларда асоциалды көзқарастар және әдеттері қалыптаспау үшін мінез-құлқында ауытқулар бар кәмелетке толмағандарға ықпал ету. Бұны оқуда артта қалатындарға жеке көмекті ұйымдастыруды арттыру, кәмелетке толмағандарды шығармашылық танымдық қызметке тарту, ата-аналарға қиын жасөспірімдерді тәрбиелеуде көмек көрсету арқылы нығайтқан жөн. Аталған шаралар, көмек, микроортаның психологиялық көмегін сауықтыру, жағымды тұлғалық қасиеттері мен әлеуметтік байланыстары жеткіліксіз дамыған жасөспірімдердің мінез-құлқын қатаң қадағалау мен бақылау сипатында болу керектігі сөзсіз.

Ерте алдына алу міндеттерін шеше отырып, кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдердің қызметкерлері тәрбиелік-алдын алу ықпалы шараларымен қатар, педагогикалық әдістерді, әсіресе адамгершілік тәрбиелеу әдістерін қолданады. Ерте алдын алу шараларын қамтамасыз етуде тәрбиелеудің келесі әдістері барынша тиімді: «Бұл – көз жеткізу, тәрбиелеушілердің оң әрекетін ұйымдастыру, марапаттау, мәжбүрлеу».

Көз жеткізу жасөспірімнің ішкі әлеміне және мінез-құлқына қолайсыз қажеттіліктер, мүдделер, белгілеулер, құндылық ориентациялары және әлеуметтік мақұлданатын жаңалардың қалыптасуына мақсатты түрде ықпал етуді құрайды. Тәрбиелеу жұмысының бұл әдісі «идеяларды еркін түрде қабылдау, оларды жеке түсіну және мінез-құлық тәсілдеріне айналдыру, адамның сезімі мен тәжірибесіне, ойлауына, ақылына апелляциялайды».

Жасөспірім-құқық бұзушыны оның мінез-құлқының дұрыс еместігі туралы жақсы қырына өзгерту қажеттілігіне сендіреді. Бұндай көз жеткізудің мақсаты жасөспірімнің санасын алдын алуға жүргізілетін жағдайларға көз жеткізу болып табылады. Алайда көз жеткізу жетістігі келесі шарттарды сақтауға байланысты болады: тәрбиелік ықпал субъектісі, оның жоғары эрудициясы, ғылыми дайындығы, біліктілігіне көз жеткізу; сөз бен іс тұтастығы, шыншылдығы және шынайылығы; айқындығы, қарапайымдылығы, қол жетімділігі, көрнекілігі; эмоционалдылығы, қызығушылығы; теориялық ережелердің тәжірибемен, өмірмен байланысы; тәрбие әсеріне тартылатын тұлғалар ерекшелігін тіркеу, олардың мүдделерін, өмірлік тәжірибелерін, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара сенімі; көз жеткізу мақсатына жетуде төзімділік пен табандылық.

Көз жеткізу әдісін кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлім қызметкерлері тәрбиелеу-алдын алу ықпалының жасөспірім құқы

бұзушының және оның ұсақ тобының ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беретін әр түрлі тәсілдері көмегімен жүзеге асырылады. Тәжірибеде жиі барынша қолданылатын тәсілдерге келесілер жатады: кәмелетке толмағандардың тәртіпсіздігін жалпы моральдық принциптермен салыстыру; бұндай тәртіпсіздікті алдын алуға беделді адамның өмір салтына қарама қарсы қою; жасөспірімнің өткен өмірінде орын алған жасөспірім-құқық бұзушылық әрекеттерінің әлеуметтік мақұлданатын, жағымды тәртіпсіздікпен салыстыру; жасөспірімнің құқыққа қайшы, моральға жат және т.б. жасөспірімнің қоғамға қайшы қылығын салыстыру.

Жағымды қызметті ұйымдастыру әдісі кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды әлеуметтік ережелерді сақтауын, қоғаммен мақұлданатын мінез-құлқын белгілеулерді қалыптастыруды қарастырады. Бұл жасөспірім құқық бұзушылардағы қажет дағдылар мен тәсілдерді нығайтуға және әзірлеуге жағдай жасайды. Кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдер қызметінің осы әдісін жүзеге асырудың негізгі тәсілдеріне келесі жатады: талаптар, жаттығу, тапсырма және ауыстыру жатады. Мысалы, жасөспірімнің оқуын жаңарту, уақытынан бұрын жалпы білім мектебін тастағандар, еңбекке немесе мектеп ұжымындағы дағдылар; қоғамға маңызды және еңбек ұжымындағы дағдылар; қоғамға маңызды және пайдалы іс-шараларды орындауға байланысты тапсырмалары; кәмелетке толмағандардың әлеуметтік мақұлданатын мінез-құлық белсенділігіне ауысуы.

Марапаттау мәні тіркеудегі жасөспірімнің оң жағдайына ынталандыруда жатыр. Кәмелетке толмағандардың мінез-құлқын жақсы жаққа өзгертуде енжар қарап, қарамауға болмайды. Болған өзгерістерді кәмелетке толмағандар ісі бойынша қызметкер міндетті түрде байқап, жасөспірімнің өзінің, оның ата-анасының, педагогтың назарын аударуы керек. Бұндай қарым-қатынас жасөспірімді жақсы қылықтарға итермелейді, өз тәртібін қоғамға пайдалыға ауыстру қажеттілігін тудырады.

Мәжбүрлеуге, заң мен мәжбүрлеу шаралары қажет нәтижелерге әкелмеген жағдайларда жүгінеді. Кәмелетке толмағандарға қатысты мәжбүрлеу ресми әкелулер және сақтандыру, әкімшілік қамау және айыппұл, алкогольизм мен нашақорлықтан мәжбүрлеп емдеу түрінде көрінеді. Мәжбүрлеп ықпал етудің ескертушілік мәні, жасөспірімнің қоғамға қайшы тәртібі жазасыз қалмайтындығында; екіншіден, оны бұндай мінез-құлықты болашақта жасамауға ойлануға ішкі істер органдарының қатаң әрекет ету шаралары әсер етеді. Мәжбүрлеу шарасына жататын тәсілдерді жеке ашпастан, барлық аталған тәсілдер алдын алу қызметінің тиімділігін арттыруда маңызды орынға ие екендігін атап өтуге болады, олар жасөспірімнің тұлғалық құлдырауда тоқтатып, оның жасалған әрекеті үшін қоғам алдында жауапкершіліктің болмай қалмайтындығын еске салуға мүмкіндік береді.

Мәжбүрлеу әдісі көп жағдайда, қалыптасқан қоғамға қайшы мінез-құлқын заңға бағыныштыға өзгерту қажеттілігі туындаған кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылады. Арнайы әдебиетте ішкі істер

органының бұл қызметінің бағыты тікелей алдын алу деп аталады. Оның мәнін А.Г.Лекарь: «...олардың қылмыстық әрекетін болдырмау мақсатында олармен қылмысты өткізу және қылмысты жасауынан күтуге болатын, қылмыс және шарттарының себептерін, сонымен қатар оларға жасайтын тұлғаларды тікелей алдын алу және болдырмауға бағытталған, алдын алу қызметін жүзеге асыру және ұйымдастыру» деп дұрыс анықтаған [6].

Тікелей алдын алу объектілері болып табылатын жасөспірімдерге келесі кәмелетке толмағандар жатады: а) тәрбиелеу-еңбек колонияларынан босағандар; б) шартты немесе бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалау шарасымен сотталғандар; в) үкімді бостандығынан айыру арқылы өтеу белгіленген, сотталғандар; г) қылмыс жасаған, бірақ қоғамдық немесе әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануға немес амнистия актісіне байланысты қылмыстық жасапкершіліктен босатылғандар, сонымен қатар қылмыстық жауапкершілікке тартылу жасы жеткенге дейінгі жаста қоғамға қауіпті қылмыстық әрекет жасағандар; д) арнайы оқу-тәрбиелеу мекемелерінен келгендер; е) нашакорлық заттарды пайдаланушылар.

Неғұрлым көпсанды және сонымен қатар күрделі тіркеуге алу элементі – үкімді өтеу бас бостандығынан айыру арқылы орындауға байланысты кәмелетке толмағандар.

Мұндай жасөспірімдердің тәртібін бақылауды ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдері жүзеге асырады. Қажет жағдайларда тұлғалардың аталған санатымен жұмыста кәмелетке толмағандар ісі бойынша жедел уәкілетті криминалды полицияны іске қосады.

Қажеттіліктер, мүдделер, белгілеулер, құндылық ориентациялары және әлеуметтік мақұлданатын жаңалардың қалыптасуына мақсатты түрде ықпал етуді құрайды. Тәрбиелеу жұмысының бұл әдісі «идеяларды еркін түрде қабылдау, оларды жеке түсіну және мінез-құлық тәсілдеріне айналдыру, адамның сезімі мен тәжірибесіне, ойлауына, ақылына апелляциялайды».

Жасөспірім-құқық бұзушыны оның мінез-құлқының дұрыс еместігі туралы жақсы қырына өзгерту қажеттілігіне сендіреді. Бұндай көз жеткізудің мақсаты жасөспірімнің санасына алдын алу жүргізілетін жағдайларға көз жеткізу болып табылады. Алайда көз жеткізу жетістігі келесі шарттарды сақтауға байланысты болады: тәрибелік ықпал субъектісі, оның жоғары эрудициясы, ғылыми дайындығы, біліктілігіне көз жеткізу; сөз бен іс тұтастығы, шыншылдығы және шынайылығы; айқындығы, қарапайымдылығы, қол жетімділігі, көрнекілігі; эмоционалдылығы, қызығушылығы; теориялық ережелердің тәжірибемен, өмірмен байланысы; тәрбие әсеріне тартылатын тұлғалар ерекшелігін тіркеу, олардың мүдделерін, өмірлік тәжірибелерін, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара сенімі; көз жеткізу мақсатына жетуде төзімділік пен табандылық.

Көз жеткізу әдісін кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлім қызметкерлері тәрбиелеу-алдын алу ықпалының жасөспірім құқық бұзушының және оның ұсақ тобының ерекшеліктерін ескертуге мүмкіндік

беретін әр түрлі тәсілдері көмегімен жүзеге асырылады. Тәжірибеде жиі барынша қолданылатын тәсілдерге келесілер жатады: кәмелетке толмағандардың тәртіпсіздігін жалпы моральдық принциптермен салыстыру; бұндай тәртіпсіздікті алдаын алуға беделді адамның өмір салтына қарама қарсы қою; жасөспірімнің өткен өмірінде орын алған жасөспірім-құқық бұзушылық әрекеттерінің әлеуметтік мақұлданатын, жағымды тәртіпсіздікпен салыстыру; жасөспірімнің құқыққа қайшы, моральға жат және т.б. жасөспірімнің қоғамға қайшы қылығын салыстыру.

Жағымды қызметті ұйымдастыру әдісі кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды әлеуметтік ережелерді сақтауын, қоғаммен мақұлданатын мінез-құлқын белгілеулерді қалыптастыруды қарастырады. Бұл жасөспірім құқық бұзушылардағы қажет дағдылар мен тәсілдерді нығайтуға және әзірлеуге жағдай жасайды. Кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдер қызметінің осы әдісін жүзеге асырудың негізгі тәсілдеріне келесі жатады: талаптар, жаттығу, тапсырма және ауыстыру жатады. Мысалы, жасөспірімнің оқуын жаңарту, уақытынан бұрын жалпы білім мектебін тастағандар, еңбекке немесе мектеп ұжымындағы дағдылар; қоғамға маңызды және еңбек ұжымындағы дағдылар; қоғамға маңызды және пайдалы іс-шараларды орындауға байланысты тапсырмалары; кәмелетке толмағандардың әлеуметтік мақұлданатын мінез-құлық белсенділігіне ауысуы.

Марапаттау мәні тіркеудегі жасөспірімнің оң жағдайына ынталандыруда жатыр. Кәмелетке толмағандардың мінез-құлқын жақсы жаққа өзгертуде ең жарқарап, қарамауға болмайды. Болған өзгерістерді кәмелетке толмағандар ісі Кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдер бұндай жасөспірімдерге жедел тексеру істерін қозғайды, оларға қоғамдық тәрбиешілерді бекітеді, оларға оқуды қалпына келтіру мен жұмысқа орналасуда көмек көрсетеді. Осымен қатар, ішкі істер органының рұқсатынсыз тұрғылықты жерден өз бетімен кетуіне тыйым салу, ішкі істер органдарының белгілі орындарға баруына рұқсат етуі (ресторан, бар, кафе), әсіресе кешкі уақытта, ішкі істер органына мерзімді келу міндеттемесі, сияқты шекетулерді қолданады. үшін тәртіптік немесе қоғамдық ықпал ету шараларына немесе әкімшілік ықпал ету шараларына тартылатын аталған шектеулерді, еңбек және оқу тәртібін, тіркеудегі жасөспірім қоғамдық тәртіпті бұзу кейінге қалдыруды жоюға әкеледі, ал үкім орындалады.

Кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдердің қызметінде тіркеудегі жасөспірімге қоғамдық тәрбиешіні бекіту мәселесі үнемі ойдағыдай шешіле бермейді. Үкімді орындау кейінге қалдырылған жасөспірімге тәрбиешіні міндетті бекіту туралы талап, көбіне формальды орындалады, бұл жас тұлғаны қайта тәрбелеу және түзеу тиімділігіне теріс әсер етеді. Бұл мәселені қатаң дербес және әр нақты жағдайда қоғамдық тәрбиеші және оның мүмкіндіктеріндегі нақты қажеттіліктерін ескертумен таңдау түрінде шешкен жөн.

Кәмелетке толмағандар ісі бойынша қызметкерлер жеке-алдын алу жұмыстарын жүзеге асыру мен ұйымдастыруда, есептегі тұлғада қандай

өзгерістер, оған қатысты алдын алу ықпал ету нысандары, барынша тиімді болғанын ескеру керек. Осыған байланысты, ішкі істер органында тіркеуде тұрған жасөспірімдерге, тұлғаның жақсы немесе жаман жаққа ауысуы туралы өзгерістерді уақытылы анықтау үшін жарты жылда бір рет аттестация өткізу мақсатты болып табылады. Бұл КТІЖБ қызметкерлеріне әр тіркеудегі тұлға және оны қайта тәрбиелеу бойынша барынша дифференциалды және мақсатты жұмысты құруға, ал күнтізбелік жыл аяқталғанда қандай шараларды қабылдау керектігі туралы нақты пікірдің болуына мүмкіндік береді.

Мысалы, егер кәмелетке толмағанның тәртібі болашақта алаңдаушылық тудырмаса, онда оны түзелуіне байланысты есептен алуға болады; жылдық аттестаттау кезінде түзелмеген жасөспірімдер, тіркеуде қалуы керек, және олармен алдын алу шаралары, оларға арнайы тәрбиелік-ықпал ету шараларын қолдану мақсатында арнайы мектептер және арнайы училищелерге жіберудің мақсаттылығы, тәрбиелеу-алдын алу ықпалына «көнбейтін» және тұрақты теріс қылық көрсеткен жасөспірімдерге өткен жылдарда жіберілген артықшылықтар және кемшіліктерді назарға алу арқылы жалғастырылады.

Сөйтіп, кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдердің барлық алдын алу жұмыстары, бздің ойымызша реттік және аяқталушылық сипатына ие болды.

КТІЖБ келесі қызметтерді жүзеге асырады:

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын жаппай алдын алу. КТІБ полицияның басқа қызметтерімен кәмелетке толмағандардың қоғамдық тәртіпті топтық бұзулары жағдайларында, орын алған жағдайды ескеріп, патрульдер мен жасақтар дислокациясын би кештері, клуб, жасөспірімдер жатақханалары және басқа да жастардың шоғырлану орындарына жақындату туралы ұсыныстарды енгізу бойынша іс-шаралардың бірлескен жоспарларын әзірлейді[4].

КТІЖБ жұртшылық және басқа қызмет қызметкерлерімен бірлесіп, мектеп және бітіру кештерін өткізу кезеңінде, жасөспірім-құқық бұзушылардың жиналу орындарында рейдтер өткізу және ұйымдастыруда құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстарға қатысады. Жеке тінту, барлау сауалнамасы, жұртшылықтың көмегі сияқты әдістерді қолдана отырып, КТІБ қызметкерлері кәмелетке толмағандармен жасалған істі ашуда өз үлестерін қосады.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының жеке алдын алу. Заңнамаға сәйкес КТІЖБ қызметкерлері кәмелетке толмағандардың келесі санатын анықтайды және тіркеуге қояды: бас бостандығынан айыру орындарынан босағандар; шартты немесе бас бостандығынан айырылмай босағандар, сонымен қатар бас бостандығынан айыру үкімі кейінге қалдырылғандар; қылмыс жасаған, бірақ қылмыстық жауапкершіліктен заңмен қарастырылған жағдайларда амнистия актісі арқылы немесе заңмен қарастырылған жағдайларда қоғамдық ықпал ету әсерін қолдануға

байланысты, сондай-ақ қылмыстық жауапкершілік жасына жеткенге дейінгі мерзімде қоғамға қауіпті әрекет жасағандар; қылмыс жасағандар және алда ала тергеу уақытында қамауға алынбағандар; арнайы-оқу-тәрбиелеу мекемелерінен, сонымен қатар оқу-тәрбиелеу профилакторілерінен босағандар, әкімшілік ықпал ету және қоғамдық ықпал ету шараларына тартуға әкелетін құқық бұзушылықты жасағандар; спирттік ішімдіктерді, сондай-ақ есеңгірететін, дәрілік немесе басқа да құралдарды қолдануға жол беретіндер. Бұдан басқа өз тәртібімен балалар құқық бұзушылығына жағдай жасайтын ата-аналар да ескеріледі[7].

Аталған кәмелетке толмағандар санатымен жеке алдын алу жұмыстары, егер олардың құқыққа қайшы әрекеттері белгіленген тәртіпте үкімде, ұйғарымда, сот шешімінде; кәмелетке толмағандар ісі бойынша комиссия, сот, прокурор, тергеуші, тергеу органы, ішкі істер органының қалалық, аудандық желі органы бастығының немесе орынбасарының қаулысында; әкімшілік-құқықтық әкімшілік, оқу-тәрбие және медициналық мекеме, басқа мемлекеттік органдар және қоғамдық ұйымдар хабарламасында; қалалық аудандық желі органы бастығымен бекітілген тексеріс материалдарында, тіркелгенде ғана жүргізіледі. Кәмелетке толмағандар ісі бойынша учаскелік инспектор жария іс-шараларды өткізу жолымен жеке алдын-алу жұмыстарын жүргізеді. Қажет жағдайларда олардың нәтижелері туралы ақпарат кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдерге ҚР ІІМ тиісті нормативтік актілерімен қарастырылған тәртіпте және нысанда беріледі.

Кәмелетке толмағандарға қатысты жеке алдын алу жұмыстары негізгі үш кезенді құрайды:

- кәмелетке толмағандарды тіркеуге қою;
- жеке алдын алу жұмыстарын тікелей жүзеге асыру;
- оның аяқталуы және жасөспірімді тіркеуден алу.

Әр кезеңнің кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдер жұмысын дұрыс ұйымдастыруда өте маңызды білуге қажет өз ерекшелігі бар.

Кәмелетке толмағандарды КТІЖБ тіркеуге қойғанда құқық бұзушы туралы алғашқы ақпаратты жинау және бағалау жүзеге асырылады; оған тәрбиелік ықпал ету қажеттілігі туралы негізді қорытынды (рапорт) дайындалады. Бұнда кәмелетке толмағанның құқыққа қайшы тәртібін дәлелдейтін мәліметтерді құжаттарды рәсімдеу және тексеруге ерекше назар аударылады, себебі жасөспірімнің тәртібі мінездемесінің формалды жолында, заңдылық принципі бұзылып, негізсіз шешім қолданылу қаупі бар.

Тұлғаны есепке қойғанда КТІЖБ қызметкері құқық бұзушының криминогендік микроорта фактілері және тәртібі, тұлғасы туралы мәліметтерді жан жақты алуы және бағалауы қажет. Олардың ішіндегі негізгілері: әлеуметтік-демографиялық сипаттағы мәліметтер; психофизикалық және адамгершілік-психологиялық белгілер; қоғамға қайшы мінез-құлқы туралы мәліметтер; қолайсыз микроәлеуметтік орта фактілері туралы мәліметтер. Оларды іздеу отбасында, тұрмыста, жұмыс орны

бойынша, оқу және кәмететке толмағанның бос уақыты саласында жүзеге асырылуы тиіс[8].

Бұл кезеңде жиналған материалдар ішкі істер органының бастығына баяндалады, ол кәмететке толмағанды тіркеуге қою туралы мәселені шешеді.

Құжаттармен жұмыста КТІЖБ қызметкері жеке алдын-алу іс-шараларының жоспарын құрайды. Ол тұлғаны, мінез-құлқын және құқық бұзушының микроәлеуметтік ортасы туралы ақпараттарды талдау негізінде әзірленеді. Жоспарланған іс-шаралар: негізді; уақытылы; толық нақты; айқын және динамикалды болу керек. КТІЖБ қызметкері үнемі жоспарға жүгініп, оны бағалап және кәмететке толмаған туралы жана ақпаратты алу мүмкіндігіне байланысты жетілдіру керек. Бұндай жағдайларда жоспарға өзгерістер, толықтырулар енгізіледі.

Тікелей алдын алу кезеңінде КТІЖБ қызметкері іс-шаралар жоспарын жеке іске асырады және ұйымдастырады, тұлғаның мінез-құлқындағы және кәмететке толмағанның микроортасындағы өзгерісін бағалайды және анықтайды. Басты назар төмендегілерді қамтамасыз етуге аударылады:

-құқық бұзушыға үздіксіз және мақсатты түрде ықпал ету;

-криминогенді микроәлеуметтік орта факторларының кәмететке толмағандарға теріс ықпалын бейтараптау бойынша шараларды қабылдау.

Бұл мақсаттарда КТІЖБ қызметкері ортақ, сондай-ақ ерекше алдын алу іс-шараларын өткізуді жоспарлайды, ол тұлғаның ерекшеліктерін, мінез-құлқы және кәмететке толмағанның микроортасын ескерумен әр түрлі нысандарда қолданыла алады.

Жеке алдын алуды тоқтату және кәмететке толмағанды есептен шығару төмендегілермен байланыста жүргізіледі:

-кәмететке толмаған ол үшін бас бостандығынан айырылған, қылмысты түзеумен;

-арнайы оқу-тәрбиелеу мекемесіне бағытталумен;

-тұрғылықты жерінің өзгеруімен, кәметет жасына жетумен және т. б.

Кәмететке толмағанды тіркеуден шығару тиісті шешімді қабылдау қажеттілігін растайтын, нақты материалдарға негізделуі керек.

Кәмететке толмағанға жеке тәрбиелік ықпал етудің келтірілген нысандары жеткілікті болып табылмайды, олардың тұлғасының және мінез-құлқының ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелік ықпал етудің басқа да нысандары әр түрлі тактикалық тәсілдермен қолданыла алады. Кәмететке толмағандармен жұмыста көбіне алдын алу ықпал етудің ұйымдастырудың, тұрғылықты жері бойынша тексеру (оқу), сұхбат, жетекшілерді немесе қоғамдық тәрбиешілерді бекіту және т.б. құралдары қолданылады. Сонымен қатар, полиция КТІЖБ атынан көп жағдайда кәмететке толмағандармен күресте құқықтық құралдарды басқа органдардың қолдануын қамтамасыз етеді немесе дербес қолданады.

Оларға:

-құқық бұзушылық жағдайларын анықтау үшін кәмететке толмағандарды және ата-аналарын полицияға шақыру;

- кәмелетке толмағандарға, сонымен қатар ата-аналарына және оларды алмастырушыларға қоғамға қайшы қылықты болдырмауға ресми тыйым салу;

- құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға 3 сағат уақыт ішінде ішкі істер органына жеткізу, оларды жеке тексеру. Жеткізілген кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен тексеруді КТІЖБ қызметкері жүргізеді, ал ол жоқта – жедел кезекші. Кәмелетке толмағанды ұстау туралы оның ата-анасы немесе оларды алмастыратын тұлғалар хабардар болуы керек. Алкогольдік мастық күйде немесе нашақорлық және басқа да құралдармен есеңгірететін кәмелетке толмағандар: ата-анасына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға; кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және асырауға жауап беретін балалар үйі, мектеп-интернат және басқа да балалар мекемесі әкімшілігінің өкілдеріне; денсаулық сақтаудың емдеу мекемелері өкілдеріне, егер жасөспірім нашақорлық мастық күй жағдайында, немесе дене жарақаттары болса, немесе 14 жасқа жетпесе тапсырылады;

- қолданыстағы заңнама ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелік ықпал етудің келесі шаралары қолданылады: заңды түсіндіру; ата-аналары мен оларды алмастыратын тұлғаларға, немесе арнайы мемлекеттік органға қадағалауға беру; жасалған шығынды өтеуге міндеттерді жүктеу; бос уақытты шекету және кәмелетке толмағандардың тәртібіне ерекше талаптарды белгілеу. Кәмелетке толмағандарға бір уақытта бірнеше тәрбиелік ықпал ету шаралары тағайындала алады (69 б.).

Кәмелетке толмағандар, яғни 16 дан 18 жасқа дейінгі тұлғалар, жалпы негіздерде әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұнда әкімшілік қамауға алу қолданыла алады. Ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар қылмыс белгілерін құрайтын өз әрекетін жасауды мойындамағаны үшін немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 127 б. сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Әкімшілік жаза қолдануға уәкілетті органдарға өз құзыреті шегінде рұқсат етіледі (Кодекстің 684, 685 б.).

Сөйтіп, ПО кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын ескерту және тыйым салу әдістері мен нысандары сан алуан. Бірақ олардың сан алуандығына қарамастан, бастысы – жасөспірімге мәселені түсіндіретін, әрекетті көмекті уақытылы көрсету. Дәл ПО жасөспірімді құқық бұзушылықтан қылмысқа өту шегінде ұстайды.

Қорытынды

Қорытындыда, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығына алдын алу және күрес саласында, қандай да бір дәрежеде он шақты мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар қатысатынын атап өткен жөн. Алайда, кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау бойынша комиссиялар, білім департаментіне және қандай да бір дәрежеде тағы да бірнеше өз бетімен қалыптасқан қоғамдық құралымдарға жүктеледі.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарымен күресу мәселесі әрқашан өзінің өткірлігімен және өзектілігімен ерекшелінеді. Бұл жасөспірімдердің жоғары қылмыстылық белсенділігімен негізделеді. Кәмелетке толмағандар қоғамда болып жатқан жағымды және жағымсыз өзгерістерге бәрінен бұрын көңіл бөледі, оның бәрі қылмыстылықтың динамикасында көрініс табады. Зерттеулер көрсеткендей, мемлекетте болып жатқан күрделі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерде, ең көп шығындармен орнын табатын жас ұрпақ, себебі олар өздерінің білім алу, тұрғын үй алу қажеттіліктерімен осы қайшылықтардың өткірлігінде тұрады. Дағдарыс кезеңде қылмыстылыққа ең көп ықпалын тигізетін келесі факторлар: қоғамның мүліктік бөлінуі, халықтың өмірлік деңгейінің төмендеуі, айқын және жасырын жұмыссыздық, жаппай көші-қон, сонымен қатар экономикалық және шешілмеген әлеуметтік мәселелерінен туындаған жағымсыз психологиялық қалып.

Қазіргі қазақстандық қоғаммен қаланған, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын алдын алу шараларының жүйесі, ерекше нысандарда жүзеге асырылатын, көптеген мемлекеттік органдардың, ведомстволардың және қоғамдық ұйымдардың ерекше қызметі болып табылады. Бұл органдардың алдын алу жұмысы тығыз байланысты және белгілі түрде үйлестіріледі. Үйлестірудің негізгі белгісі, бұл жүйеге жүктелген міндеттерді дұрыс шешу мақсатында, ескертудің дербес субъектілерінің арасында әрекеттерді келісу болып табылады,

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын алдын алу жүйесі әрқашан жетілдіруде: кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын ескерту бойынша жаңа ұйымдастырушылық нысандары еңгізіледі, ескерту жүйесі тұтастығының жеке буындардың арақатынастығы өзгереді, заңнама жетілдіріледі, қоғам тартылады.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын ескерту жүйесін жетілдіру үшін келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізу қажет:

- құзырлы органдардың ескерту жұмысында орын алған жетіспеушіліктерді жою қажет;
- үнемі және шығармашылық тұрғыда жаңа іске асыру нысандарын іздеу;
- жеке мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың, сонымен қатар ескерту жүйесінің барлығында, ескерту қызметінің тиімділігін арттыру үшін құралдар табу қажет.

Осы жүйенің негізгі буындардың қызметіне талдау көрсеткендей, олардың дамуы Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекетті және азаматтық қоғамды құрудың талаптарынан әлі қалуда. Аз оң нәтиже беретін немесе мүлде нәтиже бермейтін жұмыстың ескірген нысандары жиі қолданады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 9 шілдесіндегі № 591-ІІ Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Заңы.
2. Брылев С.И. «Административно-правовые, организационные и тактические проблемы борьбы с пьянством и алкоголизмом среди несовершеннолетних». Алматы, 1991.
3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы.
4. Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1098 бұйрығы.
5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі. Алматы 05.07.2014 ж.
6. Лекарь А.Г. Профилактика преступлений. М . 1972
7. Забрянский Г.И., «Криминология несовершеннолетних (социология преступности)» – М.: Российская академия адвокатуры и нотариата. 2013 г.
8. Коклюхин В. В. Борьба с влиянием идеологии на молодежь Минск. 1979г.
9. А. И. Миллер, Воспитание, насилие и покаяние. Изд. КЛАСС 2013 г.